

GO! Bonus БОНУС КЛУБЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕСІ

Анықтамалар, терминдер және ұғымдар

Егер осы Ереженің мәтінінде өзгесі анық айтылмаса, осы Ережеде пайдаланылатын терминдер мен ұғымдардың мағынасы мынадай болып табылады:

Банк – Бонус клубының Ережесін анықтайтын және қатысушылары бар эмитент ретінде жобаға қатысу туралы шарт жасасқан, бонустарды есепке алу және үйлестіру, клиенттермен коммуникация жүргізу, Кәсіпорынға жарнамалық қолдау көрсетуді қамтамасыз ету және басқалары бойынша өзіне міндеттемелер алған GO! Bonus Бонус клубының ұйымдастырушысы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Бонус - Кейінге қалдырылған жеңілдіктің берілу нәтижесінде Кәсіпорыннан алған Клиенттің қаражаты. 1 (бір) Бонус 1 (бір) теңгеге тең. Бонустар ақша болып табылмайды

Бонус клубы – Кәсіпорындарды біріктіретін және осы Ережеде баяндалған талаптармен Банктің карточка ұстаушыларына қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін Банк өнімі.

Бонустық шот – Карточка шығарған сәтте Банк әрбір Клиентке ашатын және Банк онда есепке алуды және Бонустар бойынша операцияларды жүргізетін банктік болып табылмайтын шот: есептеу, жұмсау, қалпына келтіру, есептен шығару және баланстың белсенді қалдығы.

Карточка – Банк шығаратын төлем карточкасы, ол төлем карточкасын шығару және оған қызмет көрсету туралы Банкпен жасасқан қосылу шартына сәйкес клиентке қолма-қол ақшасыз тәртіппен тауарларды/қызметтерді сатып алуды іске асыруға және басқа да операцияларды жасауға мүмкіндік береді.

Клиент – Банкпен төлем карточкасын беру және оған қызмет көрсету туралы қосылу шартын жасасқан Карточка ұстаушысы, жеке тұлға.

Купон – Кәсіпорын өз бетінше анықтайтын және беретін қандай да бір тегін тауарларды және/немесе қызметтерді Клиенттің Кәсіпорыннан алу мүмкіндігіне көрсететін немесе ақпараттық сипаты бар Клиент үшін арналған, жабдық чегінде басып шығарылатын хабарлама. Купон Клиенттің қаржысы есебінен Карточканы пайдалана отырып Сатып алуды жүргізген кезде беріледі. Купондармен байланысты болған мәселелер бойынша Клиенттердің наразылықтарын Кәсіпорын Банктің қатысуынсыз өз бетінше қарайды (қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Купонға сәйкес тауарларды және/немесе қызметтерді беру мәселелері және берілген тауарларды және/немесе қызметтерді ауыстыру мәселелері). Егер Сауда/сервис кәсіпорыны Купонды (сондай-ақ осындай Купон бойынша тауарларды және/немесе қызметтерді) беру (немесе бермеу) нәтижесінде Клиентке залалдар келтірілген болса, Кәсіпорын Банкке мұндай шығындарды сөзсіз және толық өтеуге міндеттенеді. Купон мәтінін Кәсіпорын Банкпен келісу бойынша анықтайды.

Жабдық – Кәсіпорында орнатылған POS-терминал, ол арқылы Карточкада орналасқан магнитті жолақтан немесе микропроцессордан ақпаратты оқу жолымен операция жүргізіледі. POS-терминал Авторландыру рәсімдерін және операция бойынша бастапқы төлем құжаты – чекті рәсімдеуді автоматтандыру үшін пайдаланылатын электронды құрылғыны (карточкалық кассалық терминал) білдіреді.

Кейінге қалдырылған жеңілдік – Клиент қаражатының есебінен Карточка бойынша төленген тауарларды/көрсетілген қызметтерді төлеуге Кәсіпорынның ағымдағы шотына аударылуға жататын сомадан Банк ұстап қалған ақша (транзакция сомасынан пайыздық қатынаста).

Серіктес – Банкпен Эквайрингтің қосылу шартына «GO! Bonus Бағдарламасы аясында Банктің клиенттеріне қызмет көрсету тәртібі туралы» Қосымша келісімді жасасқан Кәсіпорын, Бонус клубы Серіктестерінің қолданыстағы тізімі halukbank.kz сайтында орналастырылады.

Ереже – Банк және Серіктес жүргізетін маркетингтік науқандар негізінде де Бонустарды есептеу, жұмсау, есептен шығару және қалпына келтіру тәртібін анықтайтын Банктің сайтында орналастырылған Бонус клубының ережесі.

Сауда/сервис **кәсіпорны** – өздері жеткізетін тауарлар және/немесе көрсететін қызметтер мен жұмыстар үшін төлеу бойынша қолма-қол ақшасыз төлемді жүзеге асыру үшін Карточканы қабылдайтын, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын заңды немесе жеке тұлға.

Клиент қаражаттары – Карточкадағы ақша қаражаты (Бонустарды қоспағанда).

Транзакция – тауарларды/қызметтерді сатып алу немесе Карточка Ұстаушының карт-шоты бойынша ақпарат алу үшін Карточка арқылы жүзеге асырылатын операция, нәтижесі Карточка Ұстаушының карт-шотын дебеттеу немесе кредиттеу болып табылады.

Бонустарды жұмсау – транзакция, оның нәтижесінде Бонустарды пайдалана отырып жабдық арқылы Серіктестің тауарын/қызметтерін төлеу іске асырылады.

Cashback - Қолма-қол ақшасыз төлемдерді ол жүзеге асырған кезде төлем карточкасының (Банк шығарған) шотына науқан шеңберінде Банк қаражаты (шығыстары) есебінен есепке алынатын Банк сомасы.

RRN (Reference number) – карточкалық жүйедегі операцияның транзакцияны сәйкестендіру үшін қажетті 12-таңбалы бірегей нөмір.

XLS TRX id – бонустық жүйедегі операцияның транзакцияны сәйкестендіру үшін қажетті бірегей нөмірі.

1-тарау. Кіріспе

1. Банк ұйымдастырушы рөлінде шыға отырып GO!Bonus Бонус клубын (бұдан әрі – Бонус клубы) құрады. Банк клиенттеріне (жеке тұлғалар – ҚР резиденттері және бейрезиденттері) бонустарды (мезеттік жеңілдіктерді, купондарды және т.б.) беретін Кәсіпорындар Бонус клубының серіктестері болады.

2. Клиенттердің Бонус клубына кіруі Карточканы беру және оған қызмет көрсету туралы шартқа қосылу және осы Ережені қабылдау арқылы іске асырылады.

3. Бонус клубы Қазақстан Республикасының аумағында Серіктестердің желісінде және қызметтерді жеткізушілер желісінде жеке тұлғаларға арналған homebank интернет банкингінде әрекет етеді. Сондай-ақ Банктен бонустарды/Cashback-ті есептеген кезде аумақтылығы бойынша шектеусіз әрекет етеді.

4. Бонус клубы Серіктестер мен Клиенттер үшін мерзімсіз болып табылады. Банк бонустарды жинау және пайдалану құрылымын қоса алғанда, осы Ережені өзгерту немесе күшін жою құқығын және/немесе өз қалауы бойынша Бонус клубының қолданылуын тұтастай алғанда тоқтату құқығын өзіне қалдырады.

5. Осы Ереже Бонус клубының шеңберінде Банктің төлем карточкаларын пайдалану және оларға қызмет көрсету тәртібін белгілейді, сондай-ақ мыналарды реттейді:

1. Бонус клубының шеңберінде Банк пен клиенттің құқықтары мен міндеттері;

2. Бонустарды есептеу, жұмсау, есептен шығару және қалпына келтіру тәртібі.

6. Осы Ереже ашық ақпарат болып табылады және банктік құпия болып табылмайды. Банк осы Ережені клиенттің Бонус клубының талаптарымен танысуы үшін ұсынады.

7. Банк клиенттерді Бонус клубының талаптарымен таныстыру мақсатында Ережені, соның ішінде өзгерістер мен толықтыруларды клиенттің осы ақпаратпен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ететін орындарда орналастырады, соның ішінде:

1) ақпаратты Банктің www.halykbank.kz интернет – сайтында орналастырады;

2) Банктің бөлімшелерінде және басқа да құрылымдық бөлімшелерінде стенділерде хабарландыруларды орналастырады;

3) Клиенттің ақпаратты алуына және оның Банктен екендігін анықтауына мүмкіндік беретін басқа да тәсілдермен ақпаратты орналастырады.

8. Ақпаратты ашу оны міндетті түрде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратуды білдірмейді.

9. Бонус клубындағы өзгерістер туралы хабарландырулар оларды сайтта жариялаған сәттен бастап жарамды болады және тұтастай алғанда Бонус клубына қатысу ережелерімен және талаптарымен танысқандығын, келіскендігін білдіреді.

2-тарау. Бонустарды беру тәртібі

10. Барлық есеп айырысулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Шартта және Банктің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

11. Карточканы беру және оған қызмет көрсету туралы қосылу шартының тәртібімен және талаптарымен Банк клиент атына бонустық шотты ашады, ол ұлттық KZT (теңге) валютасында жүргізіледі. Банк ҚР заңнамасына, Шартқа және Банктің ішкі ережелеріне сәйкес бонустық шотқа банктік қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

12. Бонустарды бонустық шотқа есепке алу Серіктестің POS-терминалы арқылы немесе Серіктестің электрондық терминалы (Интернет дүкен) арқылы және Жеке тұлғаларға арналған homebank интернет банкингі жүйесінде жүргізілген транзакциялар бойынша деректер негізінде іске асырылады.

13. Тауар/қызмет үшін есеп айырысу бонустармен іске асырылатын болса, Бонустарды есептен шығару транзакция жүргізу сәтінде жүзеге асырылады. Банк транзакцияны бонустық шоттағы бонустар қалдығы шегінде орындауға қабылдайды. Бонустық шотта бонустар жеткіліксіз болған жағдайда клиент сатып алудың жетіспейтін бөлігін ақшалай қаражат есебінен жинап алуына болады.

14. Нәтижесінде Серіктес/Банк Кейінге қалдырылған жеңілдікті берген операцияны болдырмауды жүргізген жағдайда клиенттің карточкалық шотындағы ақша қаражаты орнының толтырылуы, клиенттің бонустық шотынан есептелген бонустардың есептен шығарылуы іске асырылады. Қайтаруды іске асыру үшін Серіктеске транзакция чегін беру қажет.

15. Банк Бонустарды Клиенттің Бонустық шотына Серіктестен/Банктен оған берілген Кейінге қалдырылған жеңілдік мөлшеріне сәйкес есептейді. Cashback-ті Банк клиенттің карточкалық шотына есептейді.

16. Бонустар қолма-қол ақшаға айналдырыла алмайды, атап айтқанда банкоматтар арқылы қолма-қол ақшаға айналдырыла алмайды.

17. Серіктестің тауарлары/қызметі үшін бонустармен есеп айырысқан кезде және «goscard» төлеу схемасын таңдаған кезде бонустар есептелмейді.

18. Қарт-шотан ақшаны ала отырып бонустармен төлеген кезде бонустар төлемнің тек ақшалай бөлігіне есептеледі.

19. Бонустар есептелгеннен кейін оларды жұмсау бірден іске асырылуы мүмкін.

20. Бонустар табысталмайды және ақшамен өтеуге жатпайды.

21. Бонустар корпоративтік карточкаларға, арнайы шоттарға арналған карточкаларға, сыйлық карточкаларына және тағы басқаларына есептелмейді.

22. Қолма-қол ақшаны шешіп алған кезде, Банкке сыйақыны/комиссияларды төлеген кезде, ақшаны өзге де банктік шоттарға аударған кезде немесе Банк банкоматтары арқылы, сондай-ақ Бонус клубының Серіктестері болып табылмайтын Кәсіпорындарда қызметтерді төлеген кезде бонустар есептелмейді.

23. Клиент бонустық шоттағы бонустарды Бонус клубында және осы Ережеде белгіленген шектеулермен басқарады.

24. Карточкалық базадағы ағымдағы шотты жақан кезде бонустық шотта бонустардың қалдығы қалған жағдайда бонустар қалдығына меншік құқығы Банкке шартсыз және даусыз тәртіппен өтеді. Барлық карталарды жапқан жағдайда және карточкалық базадағы ағымдағы шот шот бойынша жасалған соңғы операциядан кейін 6 ай ішінде белсенді болмаған кезде бонустар қалдығына меншік құқығы Банкке шартсыз және даусыз тәртіппен өтеді.

25. Импринтер және банкоматтар арқылы Карточканы пайдалана отырып Транзакцияларды іске асырған кезде бонустар берілмейді.

26. Бонустық шотқа есепке алынған Бонустарды қарап шығу Серіктестің сауда орнында POS-терминалдың экранында немесе транзакция жасаған кезде, сондай-ақ Homebank.kz қаржылық порталының жүйесі және Банктің Банкоматтар (киоскілер) желісі арқылы Клиентке берілетін чекте жүзеге асырылады.

27. Карточканы қайта шығарған кезде бонустар Клиенттің бонустық шотта сақталады және қайта шығарылған карточканы пайдаланатын Клиент үшін қолжетімді.

28. Төлем карточкасын пайдалана отырып транзакциялар жасаған кезде мыналар үшін негіз бастапқы құжат чек ресімделеді:

1. осы транзакциялар бойынша есеп айырысуларды іске асыру;

2. олардың жасалғанын растау;
3. бонустарды есептеу және бонустарды жұмсау.

3-тарау. Клиенттің құқықтары мен міндеттері

29. Клиенттің мыналарға құқығы бар:

1. кейіннен тауарларды және қызметтерді Серіктестердің желісінде және қызметтерді жеткізушілер желісінде жеке тұлғаларға арналған Home Bank интернет банкингінде бонустармен төлеу үшін Серіктестер желісінде тауарларды/қызметтерді төлеген кезде Бонустарды жинау;

2. бонустық шоттан төлем карточкалары арқылы Серіктестер желісінде қолма-қол ақшасыз жолмен тауарларды/қызметтерді төлеуді жүргізу;

1. бонустармен толық төлеу

2. бонустармен ішінара төлеу

3. осы Ереженің 7-тармағына сәйкес Ереже және өзгерістер туралы ақпаратты алу;

4. бонустық шоттағы баланспен келіспеген жағдайда, Банкке қарауға жазбаша өтінішті, сондай-ақ, соларға сәйкес бонустардың пайдаланылуымен операциялар жүзеге асырылған POS–терминалдан чектерді/электрондық чектерді Серіктестер желісінде сатып алуды іске асырғаннан кейін күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жіберу.

30. Клиент келесілерге міндеттенеді:

1. бонустарды есептеу және жұмсау үшін Серіктестер желісінде Банктің POS терминалдары арқылы банк карточкасын пайдалану;

2. Банкке бонустардың қате есептелген жағдайлары туралы хабарлау және олардың қайтарылуына кедергі келтірмеу;

3. қажет болған жағдайда бонустар түрінде алынған кірістерді декларациялау

4. Бонустармен төлеуді қалаған кезде сатушыға операцияны бонустар есебінен жүргізу қажет екендігін міндетті түрде хабарлау.

4-тарау. Банктің құқықтары мен міндеттері

31. Банктің мыналарға құқығы бар:

1) тиісті өтініште клиент көрсеткен мәліметтерді тексеру;

2) клиентке бонустық шоттан бонустарды/Cashback-ті есепке алу және есептен шығару бойынша операцияларды жүргізуден мынадай жағдайларда бас тарту:

1) операцияның жүргізілуін растайтын құжат/электрондық құжат болмаса;

2) транзакцияны клиенттің жүргізгендігіне күмән болса;

3) клиент жүргізіп жатқан операция Банк белгілеген осы операцияны іске асыру Ережесіне немесе тәртібіне қайшы келсе;

4) бонустарды жұмсау бойынша операцияны жүргізу үшін бонустар жеткіліксіз болса;

3) осы Ереженің 7-тармағында көзделген тәртіппен Ереженің өзгергені туралы ақпаратты жариялау арқылы клиентті міндетті түрде хабарландыра отырып Ережеге өзгерістер енгізу;

4) Бонус клубын жабу;

5) Серіктестердің желісінде ғана болмаған операцияларға бонустар мен Cashback-ті есептеу;

6) бонустарды клиенттің берешегін есептен шығаруға Банк ішінде де, сондай-ақ уәкілетті органдардың және үшінші тұлғалардың талаптары бойынша бағыттау;

7) клиент карточканы Серіктес болып табылмайтын Кәсіпорында пайдаланған жағдайда бонустарды есептемеу;

8) клиент карточканы басқа Банктің POS терминалында пайдаланған жағдайда бонустарды есептемеу;

9) Науқан аяқталған жағдайда бонустарды есептемеу.

32. Банк келесілерге міндеттенеді:

1. осы Ереженің 26-тармағына сәйкес клиенттерге ақпарат беру;

2. барлық талаптар мен ереже сақтала отырып транзакция жасалған кезде бонустарды бонустық шотқа есепке алу;
3. Серіктестер желісінде және жеке тұлғаларға арналған Home Bank интернет банкинг жүйесінде Банктің төлем карточкалары бойынша клиенттер жинаған бонустардың жұмсалуды қамтамасыз ету;
4. осы Ереженің 7-тарауына сәйкес клиенттерге Ережедегі өзгерістер туралы хабарлау;
5. Серіктестер желісінде сатып алуды іске асырғаннан кейін 1 (бір) ай ішінде клиенттің бонустық шотына техникалық себептер бойынша есептелмеген бонустарды есепке алуға клиенттен түсетін сұрау салуды қарауға қабылдау;
6. клиент науқан талаптарын сақтаған кезде уақытша науқандар бойынша бонустарды/ Cashback-ті есепке алу.
7. Бонус клубын жапқан кезде барлық есеп айырысуларды іске асыру;
8. ұлттық валюта теңгеден басқа валютадағы операциялар бойынша бонустар/ Cashback есептелетін операциялар бойынша есеп айырысу үшін операция бойынша растайтын қаржы құжаты келіп түскен сәттегі валютаны сатып алудың коммерциялық бағамы пайдаланылады. Ұлттық валюта теңгеден басқа валютадағы операциялар бойынша бонустар жұмсалатын операциялар бойынша есеп айырысу үшін операция бойынша растайтын қаржы құжаты келіп түскен сәттегі валютаны сатып алудың коммерциялық бағамы пайдаланылады.
9. Ұлттық валюта теңгеден басқа валютадағы операциялар бойынша бонустардың/ Cashback-тің тіркелген сомасы есептелетін науқан талаптары болған кезде Банк шотқа есепке алуды Банктің БЖ-да есепке алу күні белгіленген бағам бойынша іске асырады.
10. сұрау салуды алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Осы Ереженің 5-тарауына сәйкес келіп түскен даулы мәселелерді шешу үшін шара қолдану.
11. Бонус клубын жабу туралы шешім қабылданған жағдайда бұл туралы клиентті жабылу күніне дейін күнтізбелік 60 (алпыс) күн бұрын, одан кешіктірмей хабарландыру. Бұл ретте Бонус клубын жабу туралы хабарламаны берген сәттен бастап бонустарды есептеу бойынша операциялар тоқтатылады.

5-тарау. Кінәраттар қою және дауларды шешу

33. Бонустық шот бойынша үзінді көшірмеде көрсетілген есептелген бонустар бойынша қарсылықтар болған жағдайда Клиент операция жүргізілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннің ішінде Банкке жазбаша түрде сұрау салуды жіберуге құқылы. Егер көрсетілген мерзім ішінде Банкке үзінді көшірмеде көрсетілген операциялар бойынша қарсылық түспейтін болса, онда жүргізілген операциялар мен бонустық шоттағы қаражат қалдығы расталған болып есептеледі және кейіннен үзінді көшірмеде көрсетілген операциялар бойынша клиенттен түскен наразылық қаралуға /қанағаттандырылуға жатпайды.

34. Сұрау салуда мәлімделген дәлелдерді растау үшін осы операцияны жасаған кезде рәсімделген Серіктестен тауарды/қызметті сатып алу операциялары бойынша құжаттар сұрау салуға қоса тіркеледі.

35. Осы Ережені орындауға қатысты Банк пен клиент арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы реттеу мүмкін болмаған жағдайда дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаралуы үшін Банктің орналасқан жері бойынша жалпы юрисдикциясы бар сотқа жіберіледі.

6-тарау. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

36. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу Банктің бастамасымен жүргізіледі.

37. Банктің осы Ережеге енгізетін өзгерістері мен толықтырулары Банк белгілеген күннен бастап күшіне енеді.

38. Ережеге енгізілген кез келген өзгерістер және толықтырулар күшіне енген сәттен бастап Ережеге қосылған тұлғалардың бәріне бірдей, оның ішінде өзгерістер күшіне енген күннен бұрын Ережеге қосылғандарға да таралады.

Банктік деректемелері:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби д-лы, 40 үй

БСН 940140000385

Тел. + 7 (727) 259-07-77 (Алматы қаласы)

8 8000 8000 59 (Қазақстан бойынша тегін)